

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 3 қыркүйек 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Greeting

Мақсаты: ағылшын тілінде тыңдау және түсіну білігін қалыптастыру.

Міндеттері: Балаларды ағылшын тілі пәнімен таныстыру. Жаңа: «Hello. I'm, mum, dad, Foxy» лексикалық бірліктерін беру. Тыңдау, сөйлеу, сәлемдесу және өзін-өзі таныстыру дағдыларын дамыту. Шет тіліне қызығушылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: Hello I'm, mum, dad, Foxy;

түсінеді: қарапайым сөздердің қолдану тәртібін; ағылшын тілінде танысқанда және сәлемдескенде;

колданады: сәлемдесе білуді және өзін-өзі таныстыруды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: карточкалар, қайшы, желім, түрлі түсті қарындаштар, CD диск.

Сөздік жұмыс: Hello. I'm.... Hello song, Mum, Dad, Foxy.

Көптілділік: hello –Сәлеметсіз бе – здравствуйте, I'm – Мен – Я, mum –ана – мама, dad –әке– папа, Foxy –Фокси

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: Hello, children. Қарандаршы, бүгінгі күн қандай тамаша. Бұл ерекше күн. Біз Ағылшын тілі еліне саяхатқа аттанамыз. Бірімізге біріміз күлімсірей қарап, сәтті сапар тілейік.

Sit down, please (педагог қолымен ишарат білдіріп, балаларды өз орындарына отыруға шақырады).

2. Негізгі кезең

– Ағылшын тілі қазіргі заманның адамына өте қажет. Ағылшын тілін не үшін білу керек деп ойлайсыңдар? Бүгін бізге қонаққа Foxy есімді түлкішек келді, бізге ағылшын тілін үйренуге көмектеседі.

1 – тапсырма.

- Балалар Foxy мен амандасып, оған өлең айтып берейік.

Мәтін аудиожазбада:

I say hello, hello, hello, hello.

I say hello, hello, hello, hello.

2 – тапсырма. Ойын «Сәлем, менің атым ...»

Балаларды шеңберге отыруға шақырып, әр балаға ағылшын тілінде өзін таныстыруға рұқсат етіңіз: Hello, I'm Alua. etc.

Сергіту сәті

Foxy шапалақтайды!

Clap! Clap! Clap!

Foxy аяғын топылдатады!

Stamp! Stamp! Stamp!

Foxy секіреді!

Hop! Hop! Hop!

Foxy жүреді!

Step! Step! Step!

3 - тапсырма. Саусақ гимнастикасы

– Біздің қолымыз – медуза деп елестетіп көрейікші. Педагог судағы медузаның қимылын елестететін баяу қимылдарды жасайды. Балалардан қармауыш-саусақтарын қимылдатуды және үстелде жатқан қарындашты көтеруді сұрайды. Алдымен барлық қармауыш-саусақтармен, содан кейін тек төртеуімен, сосын – үшеуімен. Бұл жаттығу қарындашты дұрыс ұстай алмайтын балаларға өте пайдалы, қолдарын жазуға дайындауға көмектеседі.

4 – тапсырма.

Графикалық дағдыны дамытуға арналған жаттығу. Педагог тапсырманың дұрыс орындалуын қадағалайды. Аталған тапсырмада саусаққа кейіпкерлердің пішіндерін жасауды ұсынады, содан кейін педагог балалармен танысу диалогтарын ойнайды.

– Hello, Foxu.

– Hello

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

– Жарайсыңдар, ағылшын тілін үйренуге жәрдемдесетін кейіпкер Foxu - естеріңе сақтандар. Foxu мен амандасып үйрендіңдер. Осымен Foxu мен қоштасамыз.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 17 қыркүйек 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: New words: I'm a...

Мақсаты: жаңа лексикамен танысу cat, mouse, cheese, milk.

Міндеттері: жаңа: cat, mouse, cheese, milk лексикалық бірліктерін беру. Өткен оқу іс-әрекетінде үйренген: кейіпкерлерді айыра білу, олардың есімдерін айтып амандасу және өзін-өзі таныстыру дағдыларын бекіту. Ағылшын тілінде сәлемдесу және өзін-өзі таныстыру дағдысын дамыту. Тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту. Адамдармен сыпайы қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: cat, mouse, cheese, milk лексикалық бірліктерін;

түсінеді: көмек сұрау қажет болған жағдайда ағылшын тілінде айтылатын сөйлемді;

қолданады: ағылшын тіліндегі жаңа сөздер.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, мысық, тышқан, Foxu бейнеленген карточкалар.

Сөздік жұмыс: cat, mouse, cheese, milk, help me, I'm a cat/mouse.

Көптілділік: cat – мысық – кошка, mouse – тышқан – мышка, cheese – ірімшік – сыр, milk – сүт – молоко.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалармен амандасады: Hello, children. Алдыңғы оқу қызметіндегі Sit down, please әнін айтуды ұсынады. Одан кейін оларды өз орындарына отыруға шақырады.

2. Негізгі кезең

Бүгін Түлкішектің достары бізге қонаққа келді. Олармен танысайық. Педагог мысық пен тышқан бейнеленген карточкаларды көрсетеді.

1-тапсырма.

Жаңа сөздерді есте сақтау үшін педагог балаларға саусақтарына кейіпкерлерді кигізіп, олардың атынан мысықпен және тышқанмен амандасуды ұсынады.

Мысық: Hello, I am a cat.

Тышқан: Hello, I am a mouse.

2-тапсырма. Ойын «Бұл кім?»

Бұл ойын үшін көз байлауға арналған шарф немесе орамал қажет. Бір баланың көзін байлап, алдында тұрған баланы қолдарымен ұстап, алдында кім тұрғанын айтсын.

Мына диалогті пысықтаңыз:

– Are you Malika?

– No.

Сергіту сәті.

Foxu шапалақтайды!

Clap! Clap! Clap!

Foxu аяғын топылдатады!

Stamp! Stamp! Stamp!

Foxu секіреді!

Hop! Hop! Hop!

Foxu жүреді!

Step! Step! Step!

3-тапсырма.

Педагог жаңа «cheese», «milk» сөздерін енгізеді.

Педагог «milk» және «ірімшік» суретін қарауды және сөзінің ағылшын тілінде айтылуын қайталауды, мысық пен тышқанның қайсы сүтті немесе ірімшікті ұнататынын анықтауды ұсынады.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды, балаларға бүгін қандай кейіпкерлермен танысқандарын еске түсіруді ұсынады. Мысық пен тышқанның сүйікті тағамдарын атауды сұрайды.

Педагог тышқан мен мысыққа оқу іс-әрекетіне келгені үшін алғыс айтады.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 1 қазан 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Saying goodbye

Мақсаты: «Қоштасу» тақырыбы бойынша жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: Балаларды жаңа сәлемдесу сөздерімен және осы тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру. Балаларға амандасу мен қоштасуды үйрету. Тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту. Кішіпейілділікке баулу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа goodbye, bye, лексикалық бірліктерін;

түсінеді: қоштасу кезіндегі ағылшын тілінде диалог сөздерді;

қолданады: ағылшын тіліндегі қоштасуды және жаңа сөздерді ағылшын тілінде айтуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: CD диск, түрлі түсті қарындаштар, карточкалар, өткен оқу іс-әрекетінде желімдеп жасаған саусаққа киілетін кейіпкер.

Сөздік жұмыс: goodbye, bye.

Көптілділік: goodbye – сау болыңыз – до свидания, bye – сау бол – пока.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалармен амандасады: Hello, children.

Өткен оқу қызметіндегі Hello, Hello әнін айтуға шақырады.

2. Негізгі кезең.

Педагог балалардан бір-бірімен кездескен кезде қандай сөздерді айтатынын, қоштасқан кезде қандай сөздерді айтатынын сұрайды.

1-тапсырма.

Суреттерге мұқият қарауларын ұсынады. Жаңа Goodbye! Bye! лексикалық бірліктермен таныстырады.

2-тапсырма.

Оқылған сөздерді бекіту. Фоку кейіпкерімен қоштасуды ұсынады.

Сергіту сәті.

Фоку шапалақтайды!

Clap! Clap! Clap!

Фоку аяғын топылдатады.

Stamp! Stamp! Stamp!

Фоку секіреді!

Hop! Hop! Hop!

Фоку жүреді!

Step! Step! Step!

3-тапсырма. Ойын «Goodbye»

Балаларды шеңберге отыруға шақырып, бір бала ортаға тұрып қалған балалармен қоштасады: goodbye, bye.

«Сөзді ата» дидактикалық ойыны. Фоку тұлкішек біз үйренген сөздерді ұмытып қалыпты. Оған көмектесіңдер. Педагог мысық, тышқанның, конжықтың, және Фоку бейнеленген карточкаларды (flashcards) көрсетеді.

Балаларға суреттерге қарауды және суреттегі кейіпкерлердің бір-бірімен қоштасып не амандасып жатқанын анықтауларын, содан кейін тапсырмаға сәйкес алақандарын қызыл немесе жасыл түске бояуды ұсынады.

3. Рефлексия.

Педагог оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Педагог балаларды шеңбер құрып отырғызады.

Балалар педагог таңдап алған кейіпкермен, мысалға: аюмен (түлкішек, тышқан, мысық) қоштасады.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ

Күні: 15 қазан 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, таным.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Numbers 1–5. How many?

Мақсаты: жаңа лексикамен таныстыру: 1-5-ке дейінгі сандар және How many? сұрағы.

Міндеттері: жаңа: one, two, three, four, five, fingers лексикалық бірліктерін үйрену. «How many?» сұрағын түсінуді, ағылшын тілінде санауды үйрету. Тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту, цифрмен зат санын сәйкестендіруді үйрету. Ағылшын тілінде математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа one, two, three, four, five, fingers лексикалық бірліктерін;

түсінеді: ағылшын тілінде 5-ке дейін санауды;

қолданады: ағылшын тілінде санауды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, есеп құралдары (саны 5 бірлікке дейін.).

Сөздік жұмыс: numbers 1-5, fingers. How many?

Көптілділік: numbers 1-5 – 1-5 сандары – числа 1-5, fingers - саусақтар – пальцы, How many? - Қанша? - Сколько?

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Түлкішектің анасы оқу іс-әрекетіне келді. (Фоксидің анасының суреті салынған flashcard пайдаланылады). Балалармен амандасады: Hello, children! Sit down, please.

Ол баласына санауды үйретулерін сұрайды.

2. Негізгі кезең

Балалардан: «Ана тілдеріңде 5-ке дейін санай білесіңдер ме?» – деп сұрайды.

1-тапсырма. Доптарды санандар.

Бірақ түлкішек ағылшын тілінде санап үйренуі тиіс.

Педагог сандардың әрқайсысын көрсетіп, ағылшын тілінде оларды атап шығады.

Балаларға алдымен оң қолдарындағы, одан кейін сол қолдарындағы саусақтарын ағылшын тілінде санауды ұсынады. «How many?» сұрағын үйрееді.

One, two, three, four, five.

Five fingers. (Бұл жерде зат есімнің көпше түріне назар аудармау керек, ол туралы кейінірек айтылады).

How many?

2-тапсырма. Ойын «How many?»

Балаларға айналадағы заттарды санауды ұсыныңыз. Педагог қолына заттардың белгілі бір санын (5-ке дейін) ұстап тұрады: «How many?» сұрағын қояды, ал балалар дауыстап санап, жауап береді.

Сергіту сәті.

One, two, three. Look at the bee.

Four and five. Go to your hive.

3-тапсырма.

«Сан мен суретті сәйкестендір» дидактикалық ойыны. Педагог заттарды санауды, цифрларды атауын, сәйкес заттардың санымен сызық арқылы қосуларын сұрайды.

3. Рефлексия.

Педагог оқу іс-әрекетін қорытындылайды.

Ол түлкішекпен бірге тағы да бір рет сандарды қайталап шығуды сұрайды.
Түлкішектің анасы балалармен қоштасып, баласына көмек көрсеткендері үшін
алғыс айтып, шағын санамақты үйретеді:

One, two, three four five.

Let's say Goodbye!

Түлкі-ана балалармен қоштасып, оларға көмек көрсеткендері үшін рақмет айтады.
Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 29 қазан 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Toys

Мақсаты: «Toys» тақырыбына жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: жаңа: car, doll, robot, girl, boy лексикалық бірліктерін беру. Сұраулы «How many?» сөз тіркесін қайталау. Тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту. Ағылшын тілінде санауға баулып, тілге деген жалпы қызығушылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа car, doll, robot, girl, boy лексикалық бірліктерін;

түсінеді: «How many?» сұрағын және оның жауабы туралы ұғымды;

қолданады: How many? сұрағына жауап беруді, ойыншықтардың ағылшын тіліндегі атауларын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, оқу қызметіне арналған карточкалар, аудиодиск, CD плеер.

Сөздік жұмыс: car, doll, robot girl, boy.

Көптілділік: car–мәшине –машина, doll–қуыршақ–кукла, robot– робот, girl–қыз бала–девушка, boy–ұл бала–мальчик.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалармен амандасады: Hello, children.

Жаңа a boy, a girl сөздерімен таныстыру. «boys» сөзін айтқанда ұл балалар бастарын изеуін, «girls» сөзін айтқанда қыздар тізелерін бүгіп отырады.

2. Негізгі кезең.

1-тапсырма.

Педагог суретке қарауды және ойыншықтарды аттауды сұрайды: a car, a doll, a robot a girl, a boy. Ағылшын тілінде ойыншықтардың аттауын үйрету.

2-тапсырма.

Педагог ағылшын тілінде қалай санайтынымызды естігісі келеді. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беруімізді өтінеді:

How many boys?

How many girls?

How many robots?

How many dolls?

How many cars?

Сергіту сәті.

Доп сияқты секіреміз!

A ball, ball, ball!

Қуыршақ сияқты билейміз!

A doll, doll doll!

Машина сияқты жүреміз!

A car, car, car!

Робот сияқты жүреміз!

A robot, robot, robot!

3-тапсырма. Ойын «Basketball»

Мұғалім доп пен жаңа сөздер бейнеленген қораптарды дайындайды. Бір-бірлеп балалар допты мұғалім айтқан сөздің қорабына лақтыруы керек.

4-тапсырма.

Педагог қолдың моторикасын дамытуға арналған тапсырманы орындауды ұсынады. Үзік сызық бойынша бастырып сызу.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды. Достарымыз бүгін біз қандай ойыншықтармен ойнағанымызды еске түсіріп, ағылшын тілінде атап беруді ұсынады.
Goodbye boys and girls!

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 12 қараша 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Seasons: Autumn

Мақсаты: «Autumn» тақырыбындағы жаңа лексикамен танысу.

Міндеттері: жаңа: autumn, leaves tree лексикалық бірліктерін беру. Жаңа сөздерді түсінуге және тиісті ырғақта сөйлеуге үйрету. “What color is it?” сұрағына жауап беруді қайталайды. Ағылшын тілінде сөйлесуге деген ынтаны тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: autumn, leaves tree жаңа лексикалық бірліктерін;

түсінеді: жаңа сөздерді және “What color is it?” сұрағын;

қолданады: “What color is it?” сұрағына жауап беру және ағылшын тілінде сөздерді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, оқу қызметіне арналған карточкалар.

Сөздік жұмыс: autumn, leaves tree.

Көптілділік: autumn – күз - осень, leaves - жапырақтар - листья, tree – ағаш - дерево.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children.

2. Негізгі кезең

Балалар, бүгін бізге қонаққа Фоху келді және өзімен бірге түрлі түсті жапырақтар жинап алып келіпті. Фоху: - балалар, қазір қандай жыл мезгілі екенін кім біледі?

Балалар жауап береді.

«Күз» мезгілін ағылшынша айтылуды үйретеді.

1-тапсырма.

Фоху алып келген жапырақтардың түстерін сұрайды: “What color is it?”.

Педагог оқушыларды суреттерге қарауды ұсынып, «жапырақ» және «ағаш» сөздерді таныстырады.

2-тапсырма. Ойын «Guess the picture»

Педагог жаңа сөздер бейнеленген карточкаларды пайдаланады. Педагог суретті түгел көрсетпей, бір бөлігін ғана көрсетеді. Балалар сөзді өздері тауып, атауға тиіс.

Сергіту сәті.

Доп сияқты секіреміз!

A ball, ball, ball!

Машина сияқты жүреміз!

A car, car, car!

Айдаһар сияқты ұщамыз!

A dragon, dragon, dragon!

3-тапсырма.

Педагог қолдың моторикасын дамытуға арналған тапсырманы орындауды ұсынады. Үзік сызық бойынша ағаштың суретін бастырып сызу. Фоху қоштасады.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды. Достарымыз бүгін біз үйренген сөздрімізді еске түсіріп, ағылшын тілінде атап беруді ұсынады.

Goodbye boys and girls!

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 26 қараша 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, таным.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Colours

Мақсаты: «Colours» тақырыбындағы жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: Жаңа тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді, 6 және 7 санын үйрету. «How many?» сұрағына жауап беруді, қажетті әріптен басталатын сөздерді табуды үйрету. Тыңдау және сөйлеу, түстерді анықтау және атау дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: red, blue, orange, green, yellow лексикалық бірліктерін;

түсінеді: түстерді және олардың ағылшын тіліндегі атаулары туралы ұғымды;

қолданады: түстерді атауды үйренеді. How many? сұрағын қою.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жапсырмалар, түрлі түсті қарындаштар, оқылатын түстер бейнеленген карточкалар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: red, blue, yellow, green, orange, purple, pink, white, brown, black.

Көптілділік: red – қызыл – красный, blue – көк – синий, yellow – сары – желтый, green – жасыл – зеленый, orange – қызғылт сары – оранжевый, purple – күлгін – фиолетовый, pink – қызғылт – розовый, white – ақ – белый, brown – қоңыр – коричневый, black – қара – черный.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: Hello, boy and girls. Таңертең ұйқыдан ояғанда ең бірінші кімді көресіңдер? Ұйқыдан оянып, аналарын көрген балалар қалай күлімсіреп «smile» дейді.

2. Негізгі кезең

1-тапсырма.

Педагог: Біздің түлкішек те өз анасын жақсы көреді. Анасы үшін қандай әдемі гүлшоғын жинағанын қараңдаршы! Foxу – жақсы әрі қамқор бала. Педагог ағылшын тілінде түстерді атайды: green, yellow, orange, blue, red. Түстер туралы ән тыңдап, жаттап алуды ұсынады.

Green and yellow,

Green and yellow.

Orange, blue,

Red and blue.

Colours, colours, colours. Colours, colours, colours. Red and blue.

2-тапсырма.

Педагог барлық балалардың да, жануарлардың да аналары болатынын түсіндіреді.

Түлкішектің достарының да аналары бар. Олар да аналарына гүлшоқтарын сыйға тартқысы келеді.

Педагог тапсырма береді:

Балалар, тыңдандаршы, өз анасына бірінші гүлді кім салады?

Бірінші гүл – the bear – Draw a red flower.

Екінші гүл – the bee – Draw a yellow flower.

Үшінші гүл – the cat – Draw a blue flower.

Төртінші гүл – the mouse – Draw an orange flower.

Өз аналарына арнап гүл салуларын және оның түсін айтуларын ұсынады. Қосымша тағы бірнеше түс енгізуге болады: purple, pink, white, brown, black. Педагог өз аналарына арнап гүл салуларын және оның түсін айтуларын ұсынады. Жаттаған сөздерді бекіту үшін «Picture dictation» ойыны жүргізіледі. Педагог ағылшын тілінде айтады, ал балалар педагог көрсеткен тәртіпте түсті қарындаштармен сиядағын салады: Draw a black fish. Draw a brown house. Draw a green tree. Etc

Сергіту сәті.

Балалармен бірге өткен сабақтағы өлеңді айтыңыз.

Мәтіні аудиожазбада. Өлең.

What is it? It's a house.

What is it? It's a tree.

What is it? It's a flower.

What is it? It's a bee.

3-тапсырма.

Балалар балықтардың түсін атайды: red, yellow және т.б., ал балалар дыбыстық образды суретпен сәйкестендіреді, түс пен балықты біріктіреді және түс атауын дауыстап айтады.

4-тапсырма. Ойын «Touch the colour»

Үйренген түстерге боялған карточкаларды тақтаға іліңіз. Балаларды шақырып, педагог түсті айтқаннан кейін қатысушылардың әрқайсысы сол түске боялған қар -точканы көрсетуге тиіс.

3. Рефлексия

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Түлкішек балалардан оқу іс-әрекетінде үйренген сөздерді қайталауын сұрайды: red, blue, yellow, green, orange. (Extra words: purple, pink, white, brown, black). Ол балаларға көмек көрсеткендері үшін алғысын айтып, қоштасады.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Г.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 10 желтоқсан 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: My family

Мақсаты: «My family» тақырыбындағы жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: жаңа лексикалық бірліктерді ұсыну: mother, father, brother, sister, baby. «My family» тақырыбында монолог құруды үйрету. Өз жанұясы туралы шағын әңгіме сипаттама жасауды үйрету. Жанұяға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

орындайды: жаңа лексикалық бірліктер: mother, father, brother, sister, baby;

түсінеді: мәтінді тыңдау арқылы қабылдауды, шағын әңгіме құруды;

қолданады: жанұя мүшелерін атап үйренуді, өз жанұясы туралы шағын әңгіме құруды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: mother, father, sister, brother, baby.

Көптілділік: mother – ана – мама, father – әке – папа, sister – әпке (сіңілі) – сестра, brother – аға (іні) – брат, baby – бөпе - малыш.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалармен амандасады: Hello, children.

2. Негізгі кезең.

Педагог ана тілінде отбасы мүшелерін сұрайды. Сосын жаңа лексикалық бірліктерді (mother, father, sister, brother, baby) енгізіп, дұрыс айтылуын қадағалайды.

1-тапсырма.

Үлгіні пайдаланып жанұяның әр мүшесін атауды сұрайды:

It`s a mother,

It`s a father,

It`s a brother,

It`s a sister,

It`s a baby.

2-тапсырма

Ойын «Touch the picture»

Балаларды кезектеп шығарып, жана сөздерді айтып сол сөзді сипаттайтын суретті балалар көрсету керек.

Сергіту сәті.

Мына саусақ – father,

Мына саусақ – mother,

Мына саусақ – sister

Мына саусақ – brother.

Мына саусақ – мен,

Міне, менің отбасым.

3-тапсырма. «Family tree»

Педагог алдын ала керекті құрал-жабдықтарды дайындап қояды. Балаларға отбасы ағашын жасауды ұсынады. Балалардың қолын жасыл түспен бояп, қағазға саусақ іздерін қалдырады. Сосын отбасы мүшелерінің суреттерін әр саусаққа жабыстырып, оларды атайды.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ін қорытындылайды. Дана мен оның отбасы оқу қызметінде үйренген жаңа сөздерді еске түсіруді сұрайды. Дана балалармен қоштасады. Goodbye, children. See you.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 24 желтоқсан 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, денсаулық.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: My face

Мақсаты: «My face» тақырыбындағы жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: жаңа: eyes, ears, nose, mouth лексикалық бірліктерін беру. «My face» тақырыбында жаңа лексиканы түсіну дағдысын дамыту, «What is it?» сұрағына жауап беруді. Өз дене мүшесіне сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: eyes, ears, nose, mouth лексикалық бірліктерін;

түсінеді: жаңа сөздерді тыңдау арқылы қабылдауды;

қолданады: бет мүшелерін атап үйренуді, «What is it?» сұрағына жауап беруді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, жапсырмалар, CD плеер.

Сөздік жұмыс: eyes, ears, nose, mouth.

Көптілділік: eyes – көздер – глаза, ears – құлақтар – уши, nose – мұрын – нос, mouth – ауыз - рот.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children. How are you?

2. Негізгі кезең

Педагог баланың суретін көрсетіп мысалы, көзді көрсетеді де не деп сұрайды. Енді осы бет мүшелерін ағылшынша үйренуге ұсынады.

«My face» тақырыбында жаңа лексикалық бірліктерді енгізеді. Педагог балалардан өзінен кейін қайталауды сұрайды: eye (бір көзін көрсетеді), eyes (екі көзін кезек-кезек көрсетеді). Осылайша басқа да бет мүшелерін таныстырады.

1-тапсырма.

Педагог баланың суретін көрсетіп, жаңа сөздерді атайды: eyes, ears, nose, mouth. Балалар бір-бірлеп суреттен сол сөзді көрсетеді.

2-тапсырма. Ойын «Foxu says».

Педагог «Foxu says touch your nose» деген сөздерден басталатын команда береді. Егер педагог «Foxu says» деген команданы айтпаса, балалар команданы орындамауға тиіс.

Сергіту сәті.

Ән «Head, shoulders, knees, and toes».

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

And eyes and ears and mouth and nose.

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

3-тапсырма.

Педагог балаларға: «What is it?» сұрағы естеріңде ме? – деп сұрайды. Педагог мұрынды, көзді, құлақты көрсетіп: «What is it?» сұрағын қояды. Балалар тиісті дене мүшелерін атайды.

3. Рефлексия

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Педагог балалардан оқу қызметінде нені, қандай жаңа сөздер үйренгенін сұрайды.

Педагог қоштасады: Stand up, please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 21 қаңтар 2021 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, денсаулық.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Body parts

Мақсаты: «Body parts» тақырыбындағы жаңа лексикамен таныстыру, 10-ға дейін санау дағдысын бекіту.

Міндеттері: Өз дене мүшесіне сүйіспеншілікті қалыптастыру. «Body parts» тақырыбындағы жаңа лексикамен және толық дене мүшелерін таныстыру, 10-ға дейін санау дағдысын бекіту. Ағылшын тілінде дене мүшелерін атауға үйрету сонымен қатар танымдық қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: fingers, toes, hands, legs лексикалық бірліктерін;

түсінеді: жаңа сөздерді тыңдау арқылы қабылдауды;

қолданады: дене мүшелерін атап үйренуді, «How many...?» сұрағына жауап беруді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, CD плеер.

Сөздік жұмыс: fingers, toes, hands, legs.

Көптілділік: fingers – саусақтар – пальцы, toes – башпай – пальцы ног, hand – қол – рука, leg – аяқ – нога.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children.

Шенберге тұрып, дене мүшелерімен амандасуды ұсынады:

Сәлеметсің бе, қолдарым – clap, clap, clap! Сәлеметсің бе, аяқтар – stamp, stamp, stamp. Сәлеметсің бе басым – nod, nod, nod!

2. Негізгі кезең

Педагог барлығымызда аяқ, қол, бас, саусақтар және т.б. бар екенін айтады.

«My body» тақырыбында жаңа лексикалық бірліктерді енгізеді. Педагог өзінен/қуыршақтан/ойыншықтан мысалы, саусақты көрсетеді де, балалардан өзінен кейін қайталауды сұрайды: finger (бір саусағын көрсетеді), fingers (саусақтарын кезек-кезек көрсетеді). Осылайша басқа да дене мүшелерін таныстырады.

1-тапсырма. Ойын «Touch the picture».

Балаларды кезектеп шығарып, жана сөздерді айтып сол сөзді сипаттайтын суретті балалар көрсету керек.

2-тапсырма. Алдыңғы сабақта айтқан әнді еске түсіріп балалармен бірге айту.

Ән «Head, shoulders, knees, and toes».

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

And eyes and ears and mouth and nose.

Head, shoulders, knees, and toes, knees and toes.

Сергіту сәті.

Балалармен «Foxu says» ойынын ойнаңыз. Бұл ойын зейінді, назарын дамытуға арналған. Педагог «Foxu says show me your hands» сөздерін айтқан кезде балалар тапсырманы орындайды. Егер педагог «Foxu says» деген сөздерді айтпаса, балалар ештеңе істемеуге тиіс.

3-тапсырма.

Педагог балаларға: «How many?» сұрағы естеріңде ме? – деп сұрайды. Бұл сұрақ нені білдіреді? Оған қалай жауап беру керек?

Педагог баланың суреті бойынша мынадай сұрақ қояды:

- How many toes?
- How many legs?
- How many fingers?

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды. Ол дене мүшелерімен қоштасуды ұсынады. Қолдарым, сау болыңдар! – clap, clap, clap! Аяқтарым, сау болыңдар! – stamp, stamp, stamp! Басым, сау бол! – nod, nod, nod! Және т.с.с. (көздерім, құлақтарым, мұрным, саусақтарым). Stand up, please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ

Күні: 4 ақпан 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Seasons: Winter

Мақсаты: «Winter» тақырыбындағы жаңа лексикамен таныстыру.

Міндеттері: «Winter» тақырыбындағы жаңа лексикамен және сол мезгілге сай ауа - райымен танысу. Жаңа сөздерді түсінуге және тиісті ырғақта сөйлеуге үйрету. Ағылшын тілінде сөйлесуге деген ынтаны тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: winter, snow, snowman лексикалық бірліктерін

түсінеді: сөздердің ағылшын тіліндегі мағынасын

қолданады: қыс мезгіліне байланысты сөздерді атауды үйренеді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: карточкалар, қайшы, желім, түрлі түсті қарындаштар, CD диск.

Сөздік жұмыс: winter, snow, snowman

Көптілділік: winter – зима - қыс, snow – снег – қыс, snowman – снеговик – аққала.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: Hello, children.

Сабакты бір-бірімізге тілек айтумен бастайық:

- be happy

- be healthy

2. Негізгі кезең

Педагог:

- Балалар терезеге қараңдаршы.

Қазір қандай жыл мезгілі?

Ауа – райы қандай болып тұр?

Балалар жауап береді.

Педагог оқушыларды жаңа сөздермен таныстырады.

1 – тапсырма. "Артығын тап" ойыны

Мұғалім бірнеше сөз айтады (ең көбі үш сөз), ал балалар артық сөзді тауып, оны атау керек.

2 – тапсырма. Мұғалім суреттердегі заттарды атауды ұсынады, балалар жұппен жұмыс істейді. Бір оқушы суреттегі кез-келген затты көрсетеді және сұрақ қояды: What is it? Басқа бала жауап береді: it ' s a... содан кейін балалар рөлдерді өзгертеді.

Сергіту сәті

Ғоху шапалақтайды!

Clap! Clap! Clap!

Ғоху аяғын топылдатады!

Stamp! Stamp! Stamp!

Ғоху секіреді!

Нор! Нор! Нор!

Ғоху жүреді!

Step! Step! Step!

3 - тапсырма. Ойын "Jump"

Мұғалім жаңа сөздер жазылған карточкаларды жерге қояды. Балалар педагог атаған сөздің суретіне секіру керек.

4 – тапсырма.

Графикалық дағдыны дамытуға арналған жаттығу. Балаларға аққала жасауға керекті заттарды беріп, педагог аққаланы бірге жасауды ұсынады.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Goodbye, goodbye, goodbye, my doll.

Goodbye, goodbyee, goodbye, you all.

Stand up, please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.

Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 18 ақпан 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, денсаулық.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Verbs

Мақсаты: жаңа лексикалық бірліктермен - етістіктермен таныстыру.

Міндеттері: жаңа: jump, run, sleep, smile лексикалық бірліктерін беру. Жаңа және оқылған материалды, «Body parts» тақырыбындағы сөздерді бекіту, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту. Белсенді дене шынықтыруға, сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: лексикалық бірліктер: jump, run, sleep, smile;

түсінеді: jump, run, sleep, smile етістіктерінің мағынасы;

қолданады: кейбір етістіктердің іс-қимылдарын айтуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: run, jump, smile, sleep.

Көптілділік: run – жүгіру – бежать, jump – секіру – прыгать, smile – жымыю – улыбаться, sleep – ұйықтау – спать.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен: - Hello, children.

Шеңберге тұрып, «Foxy says» ойынын ойнауды ұсынады. Педагог «Foxy says show me you pose» (басқада дене мүшелері және бет-әлпеттері) сөздерін айтқан кезде балалар тапсырманы орындайды. Егер педагог «Foxy says» деген сөздерді айтпаса, балалар ештеңе істемеуге тиіс.

2. Негізгі кезең

1-тапсырма.

Суреттерге қарап, кейіпкерлер немен айналысқанды жақсы көретіндерін анықтайық. Педагог ағылшын тілінде run, jump, sleep, smile сөздерін үйреніп алуды ұсынады.

2-тапсырма. Балаларға өлеңді жаттап алу ұсынылады.

Track 17

Sit down, stand up!

Then jump, then run.

Then sleep, then smile.

And let's have fun

Сергіту сәті.

Әннің мәтінін жаттап алу үшін қосылып айтуды және ол әнге билеуді ұсынады.

3-тапсырма. «Bingo» ойыны.

Әр бала тандап алған карточкасымен жұмыс жасайды. Педагог етістіктерді атайды: sit down, stand up, smile, run, sleep, jump. Балалар естіген сөздерін өз карточкаларынан сызып тастайды, бірінші болып сөздерді сызып үлгерген бала, Bingo деп айғайлайды. Ол жеңімпаз болады.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Сендер немен айналысанды жақсы көресіңдер, айтыңдаршы.
The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 4 наурыз 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, таным.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Fruit

Мақсаты: «Fruit» тақырыбына жаңа лексикалық материалмен таныстыру.

Міндеттері: жаңа лексикалық бірліктерді беру: apple, orange, banana, pear, big, little.

Диалог құру, тыңдау, сөзді тыңдау арқылы түсіну дағдыларын дамыту. Салауатты тамақтануға баулу, шет тіліне қызығушылықты тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: apple, orange, banana, pear, big, little лексикалық бірліктерін;

түсінеді: мәтінді тыңдау арқылы түсіну және шағын диалог (сатушы – сатып алушы) құруды;

қолданады: жемістерді ағылшын тілінде атауды және шағын диалог құруды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, қайшы, желім, себет пен жемістің суреті бар flashcards, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: apple, orange, banana, pear.

Көптілділік: apple – алма – яблоко, orange – апельсин, banana – банан, pear – алмұрт – груша, big – үлкен – большой, little – кішкентай – маленький.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: Hello, children.

Шенберге тұрып «Foxu says» ойынын ойнауды ұсынады.

2. Негізгі кезең.

Педагог Дана мен оның отбасы сыйға жіберген жеміс толы кәрзеңкені көрсетеді.

Дана кіммен бірге тұратынын есімізге түсірейік. Педагог балалардан қандай жемістерді жақсы көретіндерін сұрайды.

1-тапсырма.

Жемістердің суреті салынған карточкаларды алып, оны ағылшын тілінде айтады. apple, orange, banana, pear. Ал енді толық сөйлем құрастырайық: Бұл – алма It's an apple. It's an orange. It's a banana. It's a pear.

Балалар назарын «an» сөзіне аударуларын ұсынады. Бұл сөз сөйлемді жеңіл және бірге айтқанға көмектеседі. Бұл – көмекші сөз.

2-тапсырма.

Біздің кейіпкер-түлкішегіміз де жемісті жақсы көреді, өйткені олар пайдалы әрі тәтті! Ол анасымен базарға барады. Жаңа big, little сөзімен таныстырады. Foxu анасы екеуі не сатып алғандарын тыңдаңдар және айтыңдар.

Track 18

Мәтін аудиожазбада.

Foxy: – Seven, please.

Seller: – Big apples or little apples?

Foxy: – Seven big apples, please.

2. Mum: – Bananas, please.

Seller: – How many bananas?

Mum: – Five, please.

Seller: – Big bananas or little bananas?

Mum: – Five little bananas, please.

Ойын «Bingo»

Балалардың әрқайсысы карточкалардың бірін таңдап, сол бойынша жұмыс жасайды. Мұғалім сөздерді атайды, ал балалар карточкасында естіген сөзді сызып тастайды, ал мұғалім айтқан барлық сөздерді бірінші сызып тастаған бала Бинго деп айқайлайды.

Serгіту сәті.

Stand up.

Jump 5 times.

Smile 3 times.

Clap 7 times.

Stamp 4 times

Sit down.

3-тапсырма. Ағылшын тілінде айт.

Балаларға: big, little жаңа лексикаларын пайдалана отырып суреттерге қарап, әрбір суретті бейнелеп айту.

4-тапсырма.

Достарымыз бізге қонаққа келеді. Оларға дастарқан жайып, тамақ дайындаймыз. Жемістерді бояп, қиып алып, атауларын атап, сауытқа жапсырыңдар.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметің қорытындылайды.

Балалар үстелдің үстіндегі жемістің суреті бар карточкалардан өздерінің сүйікті жемістерін таңдап алып, атап, кәрзеңкеге салады.

Thank you, children. Stand up, please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.

Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 18 наурыз 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Animals

Мақсаты: «Animals» тақырыбына сәйкес жаңа лексикалық материалмен таныстыру.

Міндеттері: жаңа лексикалық бірліктерді беру: a bear, a rabbit, a frog, «What is it?» сұраққа жауап бере білу. Сөйлеу дағдыларын дамыту. Қарым- қатынас мәдениетін, кішіпейілділікті, қолындағы барымен бөлісуге және сараң болмауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа лексикалық бірліктер: a bear, a rabbit, a frog;

түсінеді: сөздерді тыңдау арқылы түсінуді және сәйкес тапсырма орындауды;

қолданады: жаңа сөздерді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: a bear, a rabbit, a frog.

Көптілділік: a bear - аю – медведь, a rabbit – қоян - кролик, a frog – құрбақа – лягушка.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children. Бүгін бізге қонаққа Foxu-дің достары: аю, қоян және құрбақа келді.

2. Негізгі кезең

1-тапсырма.

Педагог балаларға жануарлар суреттерін көрсетіп, жаңа сөздерді ағылшын тілінде таныстырады. «What is it?» сұрағын қайталайды

2-тапсырма. Ойын «Crocodile»

Педагог балаларды бір - бірлеп шығарып, құлақтарына жасырып бір жануардың атын атайды. Оны естіген бала сол жануарды іс-қимылдар арқылы көрсетіп, басқа балалар оны табу керек.

Сергіту сәті.

One, two, three.

Walk like a bear.

One, two, three.

Run like a rabbit.

One, two, three.

Jump like a frog.

3-тапсырма.

Педагог жануарлар суретін балаларға ұсынады. Балалар суреттің жартысын тауып қағазға жабыстырып, суретте кімнің белгіленгендерін атау керек.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Педагог: Балалар, бүгін сендер оқу қызметінде жақсы жұмыс істедіңдер.

Жарайсыңдар!

Stand up please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 1 сәуір 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Emotions

Мақсаты: «Emotions» тақырыбына сәйкес жаңа лексикалық материалмен таныстыру.

Міндеттері: жаңа лексикалық бірліктерді беру: happy, angry, sad. Тақырыпқа сай сөздерді тыңдау арқылы түсіну және сәйкес тапсырмаларын орындау дағдыларын дамыту. Қарым-қатынас мәдениетін, позитивті эмоцияларды қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа лексикалық бірліктер: happy, angry, sad;

түсінеді: сөздерді тыңдау арқылы түсінуді және сәйкес тапсырма орындауды;

қолданады: өз көңіл күйлерін сипаттауды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: happy, angry, sad.

Көптілділік: happy - бақытты - счастливый, angry - ашулы - сердитый, sad – мұңды - грустный.

ҰОҚ-нің барысы

4. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children.

Педагог шеңберге тұруды және бет қимылымен мыналарды көрсетуді ұсынады: мұң, реніш, ашу, тамсану, қуаныш. Балаларға жүздерінен қуаныш сәулесі ешқашан кетпеуін тілейді.

5. Негізгі кезең.

1-тапсырма.

Балаларға суретер көрсетіп, суреттегі бет-әліпеттерді таныстыру.

Г m happy. Г m angry.

Г m sad.

2-тапсырма.

Ойын «Mime your emotion».

Бұл ойынды екі түрлі тәсілмен өткізуге болады. Бірінші тәсіл: педагог өзінің көңіл күйі туралы айтады. Балалар оны бейнелейді. Екінші тәсіл: бала ортаға шығып, өзінің көңіл күйін көрсетеді, ал топтың қалған балалары оны атайды.

Serгіту сәті.

Sit down, stand up!

Then jump, then run.

Then sleep, then smile.

And let's have fun.

3-тапсырма.

– Кәне, жаңа өткен көңіл күй бейнеленген суреттерді бойайық. Ал енді жаңа сөздерді қайталайық. Суреттерге қараңдар. Мына суреттерде қандай көңіл күйлер бейнеленген?

6. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.
Бәріміздің бақытты болғанымыз қандай жақсы екенін айта келе, балалармен
қоштасады. Stand up, please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 15 сәуір 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, әлеумет

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Seasons: Spring

Мақсаты: «Spring» тақырыбындағы жаңа лексикамен және сол мезгілге сай ауа - райымен танысу.

Міндеттері: жаңа: spring, rainbow, sunny, rain, windy лексикалық бірліктерін беру. Жаңа сөздерді түсінуге және тиісті ырғақта сөйлеуге үйрету. Ағылшын тілінде сөйлесуге деген ынтаны тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: spring, rainbow, sunny, rain, windy жаңа лексикалық бірліктерін;

түсінеді: жаңа сөздерді және “What the weather today?” сұрағын;

қолданады: “ What the weather today?” сұрағына жауап беру және ағылшын тілінде сөздерді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар, оқу қызметіне арналған карточкалар.

Сөздік жұмыс: spring, rainbow, sunny, rain, windy.

Көптілділік: spring – көктем - весна, rainbow – кемпірқосақ – радуга, sunny – шуақты - солнечный, rain – жаңбыр - дождь, windy – желді – ветерный.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен амандасады: - Hello, children. Қазір қандай жыл мезгілі?

Балалар жауап береді.

«Көктем» мезгілін ағылшынша айтылуды үйретеді.

2. Негізгі кезең

1-тапсырма.

Педагог суреттер қарауды ұсынып, жаңа сөздерді таныстырады. “What the weather today?” сұрағын және оған қалай жауап беруді үйрету. Балалар жауап береді.

2-тапсырма. Ойын «Guess the picture»

Педагог мезгіл түрлері және жаңа сөздер бейнеленген карточкаларды пайдаланады. Педагог суретті түгел көрсетпей, бір бөлігін ғана көрсетеді. Балалар сөзді өздері тауып, атауға тиіс.

Serгіту сәті.

Sit down, stand up!

Then jump, then run.

Then sleep, then smile.

And let's have fun.

3-тапсырма.

Балалар жаңбыр жауғаннан кейін аспанда не пайда болады?

Балалар жауап береді.

Педагог «Rainbow» сөзін үйретіп, кемпірқосақ суретін бірге бояуды ұсынады.

«What colour is it?» сұрағын қайталау.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды. Достарымыз бүгін біз үйренген сөздрімізді еске түсіріп, ағылшын тілінде атап беруді ұсынады.

Goodbye boys and girls!

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ

Күні: 29 сәуір 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру салалары: коммуникация, денсаулық.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Food

Мақсаты: «Food» тақырыбына байланысты жаңа лексикалық материалдармен таныстырады.

Міндеттері: «Food» тақырыбындағы жаңа лексикалық материалмен, жаңа тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру. Азық-түлік атауларын атауға және жай сөйлем құруға дағдыларын дамыту. Тамақ ішу мәдениетіне, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңа: biscuit, chocolate, jam, honey лексикалық бірліктерін;

түсінеді: мәтінді тыңдау арқылы түсінуді және мәтінге сәйкес тапсырма орындауды;

колданады: жаңа зат есімдерді айтуды, сыпайы түрде бір нәрсені сұрауды және алғыс айтуды.

Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар: түрлі түсті қарындаштар, жапсырмалар, CD плеер, аудиодиск.

Сөздік жұмыс: biscuit, chocolate, jam, honey, wolf.

Көптілділік: biscuits–печенье, chocolate–шоколад, jam – джем, honey –бал – мед, give – беру – давать.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларды шеңбер құрып тұруға шақырады:

– Балалар, шеңберге тұрып, бір-бірімізбен амандасып, өз аттарымызды атайық.

Менен бастаймыз.

– Good morning, children.

– I am Madina Garuzhanovna. Мен өз аты-жөнімді айттым. Енді сендердің кезектерің.

2. Негізгі кезең

1-тапсырма.

Балалар, бүгін Батырдың туған күні. Суреттерге қарап, оған кім қонаққа келгенін айтыңдар. Мен бірінші боламын – Dana. She is a girl. Батыр өзінің достарын немен сыйлап жатқанына қараңдар. Дастарқанда тұрған тағамдардың атауларын ағылшын тілінде айтыңдар, мысалы: «It's an ice cream». Мен жаңа сөздерді айтамын, ал сендер қайталаңдар: a biscuits – печенье, chocolate – шоколад, jam – қайнатпа, honey – бал. Жарайсыңдар, балалар! Мерекеде балалар не туралы айтып жатқанын білгілерің келе ме?

Track 30:

Batyr: – It's my birthday today.

Let's eat. Dana:

– I like biscuits.

Ira, give me a biscuit, please.

Ira: – Here you are.

Dima: – Ira, have a cake, please.

Ira: –Thank you.

I like cakes. Batyr:

– I like chocolate. Yummy!

Dima: – I like jam.

I don't like honey.

Педагог дискіні қосады. Тыңдағаннан кейін педагог қақпа сөздердің әрқайсысын бөлек-бөлек қайталап, аударады. Педагог мәтінді қайта тыңдауға ұсынады. Осыдан кейін ана тілінде сұрақтар қояды:

– Қандай сыпайылық сөздерін естідіңдер? Ағылшын тілінде «Мархабат, маған бересіз бе?», «Рақмет», «Дәм тат», «Дәмді» сөздері қалай айтылады?

– Сыпайы сөйлесуге көмектесетін жаңа сөйлемдер мен сөз тіркестерін қайталап шығайық:

Give me a biscuit, please. – Мархабат, маған печенье бересіз бе?

Here you are. – Мархабат, алыңыз.

Have a cake, please. – Тәтті тоқаштан дәм тат.

Thank you. – Рақмет.

Serгіту сәті.

Sit down, stand up!

Then jump, then run.

Then sleep, then smile.

And let's have fun.

2-тапсырма. Ойын «Жарыс»

Балалар 2 топқа бөлінеді. Қатысушылар топтың атын таңдайды. Әр топ кезек-кезегімен «Тамақ» тақырыбында бір сөз айтады. Ең көп сөз айтқан топ жеңімпаз болады.

Бұл ойынды кез келген тақырыпты оқыған кезде ойнатуға болады.

4-тапсырма. Балаларға суреттерге сәйкес сөз орамдарын (фраза) таңдау.

Сур. 1 (bear). I like honey.

Сур. 2 (cat). I don't like pears.

Сур. 3 (Дана мен Батыр). Have a cake, please. - Thank you.

Сур. 4 (ана мен бала). Give me a banana, please.

Сур. 5 (Дима). I like biscuits.

Сур. 6 (Әже мен немере). I don't like jam.

5-тапсырма. Суреттерді салыстыр.

Балалар, суреттерді салыстыруға және оларда бейнеленген тамақтың атын айтуға көмектесіңдер.

3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

Оқу қызметі үшін рақмет айтады. Thank you for the lesson. Бүгін үйренген сөздерді еске түсірейік. Ал енді қоштасамыз.

Stand up please. The lesson is over. Goodbye, children.

Дайындаған педагог: Нұрлаева М.Ғ.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.

ҰОҚ Ағылшын тілі

Күні: 13 мамыр 2022 жыл

Топ: Айгөлек

Білім беру саласы: коммуникация.

Бөлімі: ағылшын тілі.

Тақырыбы: Revision

Мақсаты: өткен оқу кезеңінде зерделенген материалды қайталау.

Міндеттері: «Түстер», «Сандар», «Жануарлар», «Ойыншықтар», «Жанұя», «Менің денем» тақырыптары бойынша лексиканы қайталау; пәнаралық білімді пайдалануды үйрету; сөздік қордың кеңеюіне ықпал ету; тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту; пәнге деген қызығушылықтың одан әрі дамуына ықпал ету.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Педагог:

- Балалар, соңғы оқу қызметіміздіңде уақыты келді. Жыл ішінде біз көп нәрсені үйрендік, көп нәрсені білдік. Бүгін соңғы ойын-оқу қызметімізді өткізіп, кімнің не үйренгенін анықтаймыз.

Шеңберге тұрып, бір-бірімізге табыс тілейік – Goodluck!

Балалар Good luck! сөйлемін қайталайды.

Педагог: Бүгінгі соңғы оқу іс-әрекетімізге досымыз Фоху келді. Ол осындай маңызды оқу іс-әрекетінен қалғысы келмеді. Бүгін ол да біздің не үйренгенімізді біледі. Ең соңғы рет бізбен ойнап қалғысы келеді.

2. Негізгі кезең. Сиқырлы пойыз.

Енді, балалар, біз сиқырлы пойызбен саяхатқа аттанамыз. Мәреге жету үшін барлық тапсырманы дұрыс орындау қажет.

1-вагон

Педагог: Балалар, кім келгенін қарандар, бұл Фоху-дің жанұясы. Вагонда кім отырғанын айтып өтейік.

2-вагон

Педагог: ағылшын тілінде онға дейін санаңдарды санау керек.

3-вагон

Педагог: алдын ала хатқалта дайындайды. Хатқалтада әр түсті карточкалар бар.

Педагог: Балалар, үшінші вагоннан тапсырмасы бар хатқалта таптық. Оларды ашыңдар. What colour is it? Болжамды жауап: It's blue/red.

4-вагон

Педагог: Бізбен бірге 4 вагонда жануарлар да келе жатыр. Жануарлардың атын айтады.

Педагог: Біздің пойызымыз аялдамаға келіп тоқтады, мен сендерді пойыздан түсіп, аздап демалып алуға шақырамын. Балалар мен педагог ән шырқайды:

Serгіту сәті.

Sit down, stand up!

Then jump, then run.

Then sleep, then smile.

And let's have fun.

5-вагон

Балалар, бесінші вагонда да сендерді өте қызықты тапсырма күтіп тұр. Сендер “Where is your nose?” (басқада дене мүшелері айтылады) сұрақтар айтылғанда сәйкес дене мүшелерінді көрсетулерің керек.

6-вагон

Соңғы вагонға келіп жеттік. Бұл вагон мынадай тапсырма ұсынады: Балалар сызықтарды қосып қандай ойыншық екенін ағылшынша атайды.

3. Рефлексия

Қорытындылау.

Педагог: Жарайсыңдар, балалар! Өте жақсы жұмыс істедіңдер, көп нәрсені үйрендіңдер. Сендерге табыс тілеймін, ағылшын тілін үйренуге көмектескен кейіпкерлерімізбен және бірбірімізбен қоштасайық. Goodbye, my friends!

Дайындаған педагог: Көпжасарова К.А.
Тексерген меңгеруші: Байжуманова М.М.